

## Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ми-8 тікұшақтарын кейбір жергілікті атқарушы органдардың пайдалануына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1323 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Ми-8 тікұшақтарын мынадай:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің аэродромдарында тікұшақтарды техникалық қамсыздандыруды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің экипаждарымен тікұшақтарды пайдалануды жүзеге асыру жағдайларында кейбір жергілікті атқарушы органдардың пайдалануына берсін.

2. Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстарының әкімдеріне тікұшақтарды пайдалануға байланысты, тікұшақтарды ұшуға жарамды нормаға дейін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар мен іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстарының әкімдерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен мыналардың:

1) берілетін тікұшақтарды пайдалануға байланысты ұшу экипаждарының іссапар шығыстарын;

2) тікұшақтарды техникалық қамсыздандыруды жүргізу шығындарын өтеу мүмкіндігін қарастырсын.

4. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштерінің тікұшақтар паркін пайдаланудың тиімділігін арттыру және жауынгерлік дайындық жағдайын

жақсарту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 799 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 5 - жолда:

"17" деген сан "14" деген санмен ауыстырылсын;

"93162", "4"; "93016", "4"; "93030", "4" деген сандар алынып тасталсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 15 қазандағы  
N 1323 қаулысына  
қосымша

Кейбір жергілікті атқарушы органдардың пайдалануына  
берілетін Ми-8 тікұшақтарының тізбесі

р/с! N ! түрі !	Авиация ! техникасының! ! орган	! Зауыттық! нөмірі !	Шығарылған ! күні !	Орналасқан ! орны !	Жергілікті ! атқарушы
			1	< * >	
2	Ми-8 МТ 30 сәуір	93162	1981 жылғы облысы	Тараз қаласы	Маңғыстау
			3	< * >	

-----  
**Ескерту. Тізбеден 1,3-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 325 қаулысымен.**